

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Негізі: Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы № 194 от 30.07.2024;

Мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;
- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Тәрбие жұмысының негізгі құндылықтар топтамасы

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы
- Қаңтар – заң және тәртіп айы
- Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы

Әр айдың іс-шаралары күнделікті

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

жыл сайын:

- «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.

- «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.
- «Ақындар айтысы» – Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындардың сайыстарын өткіз

Тәрбие жұмысының негізгі жобалар топтамасы

- «ҚАМҚОР» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «SMART BALA» - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «ШАБЫТ» - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

АПТА КҮНДЕРІ бойынша

№	Іс-шараның атауы	Апта күні	Өткізу түрі	Мазмұны бойынша ұсынымдар	Күтілетін нәтижелер	Жауаптылар
КҮНДЕЛІКТІ АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР						
1	«КҮЙ КҮМБІРІ»	күнделікті	қоңырау кезінде күй ойнату	- «100 күй» жобасы аясында әр аптада 2 күйді қоңырау кезінде ойнату; - шығу тарихымен таныстыру.	Отаншыл, мемлекетшіл, ұлттық мәдениетті және мұраны қастерлейді, салт-дәстүрді біледі, оны сақтайды.	музыка пәні мұғалімдері, вожатый, мәдениет фракциясы
2	«8 МИНУТТЫҚ ОҚУ»	күнделікті	бірінші сабақ басталғанға дейін 8 минут кітап оқу	- «Балалар кітапханасы» жобасы аясында күнделікті 8 минуттық көркем әдебиет оқу; - RedX өткізу, «Буккросинг» ұйымдастыру.	кітап оқуға деген қызығушылығы артады, танымдық көзқарасы кеңейеді, ой-өрісі, әдеби сөйлеу есте сақтау қабілеті дамиды, сөздік қоры артады	Мектеп ұжымы, оқушылар, кітапханашы, кіші қызметкерлер
3	«ҮНЕМДІ ТҰТЫНУ»	күнделікті	жадынамалар, нұсқаулықтар, парақшалар	- «Қамқор» жобасы аясында табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды	табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарайды, табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді	физика, биология, химия, география пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, жобаға қатысатын

				қалыптастыру.	қолданады	оқушылар
4	«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»	күнделікті	үзіліс кезінде	- білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.	ұлттық мұраны құрметтейді, салауатты өмір салтын ұстанады	дене шынықтыру мұғалімдері, сынып жетекшілер, вожатыйлар, өзін-өзі басқару ұйымы
5	«ӨНЕГЕЛІ 15 МИНУТ»	Күнделікті	баламен ата-ананың күнделікті қарым-қатынасы	- ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; - «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» мамандарының ата-аналарға баламен байланыс орнатуы бойынша кеңес беруі; - сынып жетекшілері ата-ана мен бала арасында үйде талқылайтын арнайы тақырыптар беріп отырады, сондай-ақ міндетті түрде кері байланыс алады.	ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді, ата-ананың өсиетін тыңдайды, адамгершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету қасиеттері қалыптасады	ата-аналар, мектеп психологтары, сынып жетекшілері

АПТАНЫҢ КҮНДЕРІ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР

1	«ӘДЕП» КҮНІ	Дүйсенбі	сынып сағаты, кездесулер, тренинг, байқау, әңгімелесулер, сыныптан тыс іс-шаралар	<p>- сәлемдесу және өзара дұрыс қарым-қатынас құру мәдениетін қалыптастыру (<i>оқушы-мұғалім, мұғалім-ата-ана, әкімшілік-педагогтер арасындағы коммуникативтік мәдениеттілікті сақтау</i>);</p> <p>- қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру (<i>түсіндіру жұмыстарын жүргізу</i>);</p> <p>- «Әдепті бала», «Әдепті сынып» - байқауын өткізу.</p>	жақсылыққа, игілікке бой түзейді, жауапкершілікті алады, өзгелерді сыйлайды, мейірімді болады, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстайды, мәдениеттілік қасиеттері қалыптасады	мектеп ұжымы, кіші қызметкерлер, оқушылар, ата-аналар
2	«ДЕНСАУЛЫҚ» КҮНІ	Сейсенбі	сабақтың алдында, үзіліс кезінде сергіту жаттығуларын жасау, дұрыс тамақтану, зиянды әдеттердің (<i>нашақорлық, құмар ойындар, темекі</i>) алдын алу туралы түсіндірме жұмыстарын	<p>- мектеп басшысынан бастап барлық мектеп қызметкерлері мен оқушылар жалпы мектепішілік сергіту жаттығуларын жасау;</p> <p>- дұрыс тамақтану және жаман әдеттердің алдын алуға бағытталған түсіндірме жұмыстарын жүргізу;</p> <p>- денсаулықты сақтау тақырыбында көріністер</p>	денсаулықты қадірлейді, салауатты өмір салтын ұстанады, ойдың тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану ережелерін ұстанады, жаман әдеттерден аулақ болады	мектеп ұжымы, медбике, кіші қызметкерлер, оқушылар, қосымша білім беру педагогтері, музыка пәні мұғалімдері

			жүргізу (көрнекіліктер, арнайы видео материалдар)	қою.		
3	«КӘСІБИ БАҒДАР» КҮНІ	Сәрсенбі	кездесулер, әңгімелесу, шығармашылық кеш, баспасөз- конференциясы, Q-Talks	- «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында өз ісінің шебері, атақты тұлғалармен, профессорлар, жазушылар, мәдениет қайраткерлері, спортшылар, кәсіпкерлер, түрлі сала мамандары және ата-аналармен кездесулер ұйымдастыру.	өзбетінше мақсат қоя біледі, табысқа жету үшін білім мен өздігінен білім алудың маңыздылығын түсінеді, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады, тайм- менеджмент дағдыларын игереді, ой-өрісті және мәдени тәжірибені кеңейтеді, өзгерістерге позитивті көзқарасы қалыптасады	директордың бейіндік жұмыс жөніндегі орынбасарлары, педагог- ұйымдастырушы, тарих пәні мұғалімдері
4	«ТАЗАЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛ» КҮНІ	Бейсенбі	білім алушыларды мектепшілік, сыныптағы тазалық	- сыныптың, мектептің және ауласының тазалық жұмысына араластыру; - кіші қызметкерлерге көмектесу;	жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін	мектеп ұжымы, кіші қызметкерлер, оқушылар

			жұмыстарына араластыру, өздеріне қызмет көрсету,	- киімін ұқыпты ұстау, бойын таза ұстау қасиеттерін қалыптастыру; - «Ең таза сынып», «Ең ұқыпты оқушы», «Белсенді сынып», және т.с.с іс-шараларды ұйымдастырып өткізу.	түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады, Мектепті, сыныпты таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашырлық танытады және адал еңбекті бағалайды	
5	«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» КҮНІ	Жұма	сабақтар, сынып сағаттары, челленджер, байқаулар, кездесулер, ұлттық нақыштағы киім кию, тарих, тілді меңгеруге қатысты викториналар,	- ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді дәріптеу, тәуелсіздіктің маңыздылығын, ел тарихын насихаттау; - қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бағытталған түрлі іс-шаралар; - киімдеріне ұлттық нақышты, ұлттық стиль элементтерін үйлестіру;	тарихын және тілін біледі, құрметтейді, ұлттық мәдениетті қастерлейді, салт-дәстүрді біледі және ұстанады.	мектеп ұжымы, оқушылар, ата-аналар, кіші қызметкерлер

		<p>жұма күні тек қазақ тілінде сөйлеу, мақал-мәтел, жаңылтпаш сайыстары, театрландырылған қойлымдар, халық әндері мен билерін орындау, қолөнер бұйымдарын әзірлеу</p>	<p>- қазақ ұлттық билерін билеу, қазақ ұлттық музыкалық аспаптарында ойнау; - қолөнер бұйымдарын әзірлеу және көрмелер ұйымдастыру; - үзілісте ұлттық ойындар ойнау.</p>		
--	--	---	--	--	--

